

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы № 10-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 наурызда № 4121 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2023 жылғы 13 қазандығы № 9-1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 13.10.2023 № 9-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 72682 тіркелген) "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасында көрсетілген Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының қабылдаған кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

M.

Ахметов Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы аудан
мәслихатының хатшысы

— Е. Әділбеков

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан
мәслихатының X сессиясының төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Е. Сұлтанов

2017 жылғы "13" наурыз

Солтүстік Қазақстан облысы

Ғабит Мұсірепов атындағы аудан

мәслихатының

2017 жылғы 3 наурыздағы

№ 10-3 шешімімен бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мөлшерлерін анықтау
және тізбесін белгілеу қағидалары**

1. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мөлшерлерін анықтау және тізбесін белгілеудің осы қағидалары (одан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Занына, "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мөлшерлерін анықтау және тізбесін белгілеудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және Ғабит Мұсірепов атындағы аудандағы Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына қыын жағдай туынау кезінде әлеуметтік көмек көрсету мөлшерлерін анықтайды және тізбесін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – қыын күн-көріс жағдайлар туындауына байланысты көрсетілетін әлеуметтік көмек үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарастыру бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

4) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистика органдарымен есептелген мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

5) жергілікті атқаруышы орган – Ғабит Мұсірепов атындағы ауданың әкімдігі;

6) жергілікті өкілді орган – Ғабит Мұсірепов атындағы ауданың мәслихаты;

7) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

8) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

9) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

10) уәкілдегі орган – "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін ауылдық округ әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

12) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалар Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының аумағында тұратын тұлғаларға таратылады.

4. Осы Қағидалар мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әкімдігімен уәкілдегі орган арқылы берілетін, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) қыын күн-көріс жағдай туындаған кезде, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе табиғи нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Занының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Занының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіпте көрсетіледі.

6. Атаулы күндер мен мереке күндер тізбесі және әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндерге әлеуметтік көмек мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісуі бойынша бір жолғы мөлшерде белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндерге әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген санаттарының бірі бойынша жылына бір рет көрсетіледі.

7. Участелік және арнайы комиссиялар өз қызметтерін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен бекітілетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санатының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Алушылар санатының тізбесін, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан қын күн-көріс жағдайы туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдерін жергілікті атқарушы орган белгілейді және жергілікті атқарушы орган мен осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бекітіледі.

9. Қын күн-көріс жағдайы туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесін жергілікті атқарушы орган бекітеді және осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес бекітіледі.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылықта алады.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін, арнайы комиссия белгілейді және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

11. Әлеуметтік көмек азаматтарға осы Қағидаларға 3-қосымшасынан 1) – 12), 14) -тармақшаларында көрсетілген негіздемелер бойынша адамның (отбасының) ең тәменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір мезгілде көрсетіледі.

12. Әлеуметтік көмек азаматтарға (отбасына) осы Қағидаларға 3-қосымшасынан 13)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша адамның (отбасының) ең тәменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 60 (алпыс) ең тәменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде бір мезгілде көрсетіледі.

13. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 3-қосымшасынан 15)-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша екі жылда бір рет тісін протездеу (қымбат құнды металдардан және металлокерамика, металлокрилдан басқа протездер) құны мөлшерінде ұсынылған шот-фактурага сай, табысы есепке алынбай беріледі.

14. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 3-қосымшаның 16)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, санаторлық-курорттық емделу құны мөлшерінде жылына бір рет көрсетілед.

15. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 3-қосымшаның 17)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын көрсетіледі.

16. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 3-қосымшаның 18)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз денсаулық сақтау мекемесінің анықтамасын ұсыну бойынша, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайын көрсетіледі.

17. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 3-қосымшаның 19)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз қажеттілігі бойынша жол журу құны мөлшерінде көрсетіледі.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

18. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштері талап етілмей, уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

19. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

20. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

21. Қыын қун-көріс жағдайы туындаған кезде көрсетілетін әлеуметтік көмекке өтініш түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс құннің ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру үшін участекелік комиссияға жібереді.

22. Участекелік комиссия екі жұмыс құннің ішінде құжаттарды алған құннінен бастап өтініш беруші жөнінде тексеру жүргізеді, оның нәтижесінде адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, осы Қағидалардың 5, 6-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік

көмекке мұқтаж екені туралы қорытынды әзірлейді және оларды атқаруышы органға немесе ауылдық округтің әкіміне жібереді.

Ауылдық округтің әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

23. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда, уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарauғa қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

24. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарастыруына ұсынады.

26. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

27. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 23 және 24-тармактарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

28. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

29. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда.

30. Әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстарды қаржыландыру ауданың бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек төлемі екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің дербес шоттарына сомаларды уәкілетті органдардың аударуы жолымен жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмектін тоқтатылуы және қайтарылуы үшін негіздемелер

31. Әлеуметтік көмек мына жағдайларда тоқтатылады:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы Габит Мұсірепов атындағы ауданының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға шыққан;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

32. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруга жатады.

5. Қорытынды ереже

33. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Солтүстік Қазақстан облысы
Габит Мұсірепов атындағы ауданының
мұқтаж азаматтарының жекелеген
санаттарына
әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
тізбесін айқындау қафидаларына
1-қосымша

Атаулы күндерінің, мереке күндерінің, алушылар санаттарының тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері

№ р/р	Әлеуметтік көмек алушылар санаттарына атаулы күндер және мереке күндерінің атауы	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері
1	2	3
15 ақлан – "Ауған аумағынан әскерді шығару күні"		

1

Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теніз флотының, Мемлекеттік кауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің катардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендे); жаттығу жиындарына шакырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде, Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жук жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметкерлері; бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе закымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.

Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш

2

Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе басқа ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін

	өтөу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
3	Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерді ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың контузия алудың, закымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан каза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанга және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілері.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш

8 наурыз – "Халықаралық әйелдер күні"

1	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I, II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
---	--	--

26 сәуір – "Чернобыль атом электро станциясындағы апатты еске алу күні"

1	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әсери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттыгуларға тікелей қатысқан адамдар.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш

2	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
3	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
4	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың зардаптарын жоюға катысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні күрсағындағы жатқан балаларды коса алғанда	Жылyna 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
7 мамыр – "Отан қорғаушылар күні"		
1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды	

	орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасы.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өтеу кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
9 мамыр – "Женіс күні"		
1	Ұлы Отан соғысының катысуышылары мен мүгедектері.	Жылyna 1 рет – 100 айлық есептік көрсеткіш
2	Қорғанысина катысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметкерлері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери – Теніз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде корғанысина катысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелеген қалаларда болған адамдар.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің	

	құрамында полк баласы (тәрbiеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
6	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Тәңіз және өзен флотының, Солтүстік тәңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
7	Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты корғаған үшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар .	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.	Жылyna 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш

9	<p>Әскери міндеттін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.</p>	<p>Жылына 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш</p>
10	<p>1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қымыл жасаған халықты қорғауши истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндеттін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.</p>	<p>Жылына 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш</p>
11	<p>Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі корғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.</p>	<p>Жылына 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш</p>
	<p>Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға тенестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын курсес</p>	

12	<p>жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде закым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдер (күйеулері).</p>	<p>Жылына 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш</p>
13	<p>Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.</p>	<p>Жылына 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш</p>

31 мамыр – "Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні"

1	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аumaғында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.</p>	<p>Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш</p>
	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмөндегі жағдайларда танылады:</p> <p>а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тысқары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;</p> <p>б) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы;</p> <p>в) Қазақстаннан тысқары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;</p> <p>г) қуғын-сүргіндерді орталық одактық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғары Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма</p>	

2	<p>алкасының, Кенестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты – Мемлекеттік Кауіпсіздігі министрлігі – Ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кенестің, Кенестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратуrasы мен Кенестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда касакана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта караудың қолданылуып жүрген тәртібі сакталатын адамдарды қоспағанда, күғын-сұргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.</p>	<p>Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш</p>
3	<p>Кенестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннанкүштеу арқылы құқығына қарсы қоныс аударуға үшыраған адамдар да танылады.</p>	<p>Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш</p>
4	<p>Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси күғын-сұргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ күғын-сұргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси күғын-сұргіндер құрбандарының балалары танылады.</p>	<p>Жылына 1 рет – 3 айлық есептік көрсеткіш</p>

30 тамыз – "Қазақстан Республикасының Конституциясы күні"

Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетакы тағайындалған адамдар,

1

облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары.

Жылына 1 рет – 10 айлық есептік көрсеткіш

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда
әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтарының жекелеген
санаттарының
тізбесін айқындаудың қағидаларына
2-қосымша

Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, оның еселігі, табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері

р/б №	Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алушылар санаты	Әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері және оның еселігі	Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері
1	Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан жапа шеккен азаматтар (отбасылары).	60 ең төменгі есептік көрсеткішке дейін, бір жолғы	Өмірлік қыын жағдай туындаған күннен 6 айдан кешіктірмей

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда
әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтарының жекелеген
санаттарының
тізбесін айқындаудың қағидаларына
3-қосымша

Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі

- 1) жетімдік;
- 2) ата-ана қамқорлығының болмауы;
- 3) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девианттық мінезд-құлық;
- 4) кәмелетке толмағандардың ерекше тәртіpte ұстайтын білім беру үйымдарында болуы;
- 5) туганынан үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық дамуы мүмкіндіктерінің шектелуі;

6) дene жeне (нemese) aқыл-oй мүмкіндіkterіne байланысты aғza функцияларының тұрақты бұзылуы;

7) әлеуметтіk маңызы бар аурулардың жeне aйналасындағыларға қauіp төндіretіn аурулардың салдарынан тыныs-tіrшілігіnің шектелу;

8) жасының егde тартуына байланысты, ауруы жeне (нemese) мүгедектіgі салдарынан өзіne-өzі күtіm жасай алмау;

9) әлеуметтіk бейіmsіздіkке жeне әлеуметтіk депривацияғa әкеп соқтырғan қатыгез қарым-қатынас;

10) баспанасыздық (белгіlі bіr тұrғылықты жeri жoқ adamdar);

11) бас бостандығынан aйыру орындарынан босау;

12) қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметінде eсepte тұru;

13) табиғi зілзала nemese өrt салдарынан азаматқa (отбасына) ne оның мүлкіne залал келтіru;

14) Солтүстіk-Қазақstan облысы бойынша күnкөrіc деңгейіne қaрай бергі шeгіnen aспайтын жan басыna шaққaндағы орташа тaбыстың болуы;

15) Ұлы Otan соғысының қатысушылары мен мүгедектердің tіc protездеуге мүктаждығы (kіrіstі eсeпke алмай berіlgen шot-fактурагa сeйкес құны mөlшeріnде 2 жyлда bіr ret, бағалы металдар мен металл керамикадан, металл акрилден жасалған protездерден basқa);

16) Ұлы Otan соғысының қатысушылары мен мүгедектеріnің санаторлық-курорттық emделуге мүктаждығы (kіrіstі eсeпke алмай Қазақstan Республикасының санаторий мен профилакторийлеріnде emделу құны mөlшeріnде жyлда bіr ret);

17) Ұлы Otan соғысына қатысушылар мен мүгедектеріnің коммуналдық қызметтерді tөleу жeне отын сатып alu үshіn шyғынның orнын tolтыруғa мүктаждығына aй сайын -өtemaқы tөlemіn;

18) туберкулездің белсенdі tүrіmen aуyратыn тұlғалардың мүктаждығына тоқсан сайын kөmekke);

19) Ұлы Otan соғысының қатысушылары мен мүгедектеріnің жeне oғan teңestendіrlгендерdің, сондай-aқ Семей ядролық полигонында зақымданғандар temіr жolмен жol жyru (плацкарт вагонда), автомобиль жol kөlгіmen (таксиден basқa) шyғu стансасынан bіr жol жyru tүrіne госпиталғa бару orныna дейіn Қазақstan Республикасы aумағы бойынша мүктаждарыna tөleу.

Солтүстіk Қазақstan облысы
Ғабит Mүсіrepov atындағы aуданда
әлеуметтіk kөmek kөrsетудің,
оның mөlшeрлеріn белгілеудің жeне
mүktаж азаматтарының жекелеген
санаттарының
tіzbесіn aйқындаудың қaғidalарыna

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

р/б №	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туган жылы
-------	------------------------------	-------------------------------------	------------

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____
Отбасының құрамы туралы мәліметтерді куәландыруға уәкілетті органның
лауазымды адамының Т.А.Ә. _____ (қолы)

Солтүстік Қазакстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда
әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтарының жекелеген
санаттарының
тізбесін айқындаудың қағидаларына

5-қосымша

**Қыын күн-көріс жағдайлардың туындауына байланысты адамның (отбасының)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ**

20__ ж. "___" _____ (елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____ 2.

Тұратын мекенжайы _____ 3.

Өмірдегі қыын жағдайлардың болуына байланысты өтініш беруші әлеуметтік
көмекке жүргінді _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі
) _____ адам, оның ішінде:

--	--	--	--	--	--	--	--

					Өмірлік
p/б №	T.A.Ә.	Тұған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, окуорны)	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіби даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтуудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам. Балалардың саны: _____ жоғары және оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу құны жылына _____ теңге. Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан карт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез, адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы(көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

_____ 5. Өмір сұру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше - көрсету керек): _____

_____ Тұрғын үйді ұстауга арналған шығыстар: _____

Отбасының табысы:

р/б №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Откен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанга	орта есеппен айна	

6. Мыналардың: автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

_____ қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі): _____

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны,

сомасы, көзі): _____

9.

Балалардың оқу құралдарымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі _____
10. Тұратын жерінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы _____

Комиссия төрағасы: _____
Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: _____
Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____ өтініш
берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні _____
(
өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Солтүстік Қазақстан облысы
Габит Мұсірепов атындағы ауданда
әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтарының жекелеген
санаттарының
тізбесін айқындаудың қағидаларына
6-қосымша

Участковая комиссия № _____ корытындысы

20 ____ ж. _____

Участковая комиссия Элеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларына сәйкес өмірлік қын жағдайдың туындауына байланысты
элеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)
(өтініш берушінің тегі,
аты, экесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар
және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру
нәтижелерінің негізінде _____
(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасына) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____
Комиссия мүшелері: _____

_____ (қолдары) (Т.А.Ә.)

Корытынды қоса берілген құжаттармен ____ данада
20__ ж. "___" _____ қабылданды _____
_____ Құжаттарды қабылдаған ауылдық округ
әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы аудан
мәслихатының 2017 жылғы
3 наурыздағы № 10-3 шешіміне
қосымша

**Күші жойылды деп танылған Солтүстік-Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов
атындағы аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 қазандағы аудан маслихатының № 38-7 шешімі (2015 жылғы 21 желтоқсандағы "Есіл өнірі", 2015 жылғы 21 желтоқсандағы "Новости Приишимъ" газеттерінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда № 3487 болып тіркелген).

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 24 мамырдағы № 3-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 30 қазандағы аудан маслихатының №38-7 шешімі (2016 жылғы 22 маусым "Әділет" АҚЖ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3779 болып тіркелген).

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 19 қазандағы № 5-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 30 қазандағы № 38-7 шешімі (2016 жылғы

15 қарашадағы "Әділет" АҚЖ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3918 болып тіркелген).

4. "Солтүсті Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 8-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 30 қазанды № 38-7 шешімі (2017 жылғы 25 қаңтардағы электронды түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде жарияланған нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4010 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК